



БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ, 4-ТОМ. ҚАЗІРГІ ЗАМАН ФИЛОСОФИЯСЫ

Қоғам философиясы





Ленин басқа халықтар Ресейдің үлгісіне еріп, өздерінің капиталистік билеушілеріне қарсы тұрмағанына көңілі қалды, Маркстың экономикалық күйреуге қатысты болжамдарының іске аспағанын ол империализмнің капитализмнің монополиялық кезеңіне айналғанымен түсіндірді. Лениннің орнын басқан Иосиф Сталин бір елдегі социализмі сақтап қалу міндетін жетерлік деп санады. Ал коммунистік элитаның билігі бар назарын 1941–45 жылдардағы Ұлы Отан соғысының аясында ұлттың нацистік Германияға қарсы күресуіне салып жіберді.

Владимир Ильич Ульянов – ресейлік революцияшыл, марксизмнің көрнекі теоретигі, кеңестік саяси және мемлекеттік қайраткер, 1917 жылғы Ресейдегі Қазан төңкерісінің басты ұйымдастырушысы және жетекшісі

Гитлерлік Германия да, Муссолини дәуіріндегі Италия да саяси философияда бір ұзақ мерзімді төңкеріс жасап тастаған жоқ. Бірақ бұл екі идеологияны «фашизм» деп бір атаудың астына жинақтау қате болар еді. Гитлердің де, Муссолинидің де националистік диктаторлар болғаны рас. Олар тоталитарлы мемлекетке сенді, бірақ нацизмнің жетекші идеясы расизм болды, ал итальяндың фашизмнің орталық доктринасы корпоративизм еді, оның нәсілге еш қатысы болған жоқ. Корпоративизм қоғамның кәсіби ұйымдасуының үлгісі ретінде ойластырылған болатын. Оның құрамындағы тұрғындар өздерінің әлеуметтік қызметтеріне сай топтастырылды. Корпоративті мемлекет революцияға әкелетін таптар арасындағы дау-жанжалдарды болдырмау үшін капиталистер, жұмысшылар, кәсіптер мен Шіркеу арасындағы қарым-қатынастарды реттеуі тиіс болатын. Бір нәсіл басқалардың бәрінен артық және ол бәрінен басым болып, басқаларды жою керек деген саяси кредо болды. Әрине, Гитлер мен Муссолини соғыс кезінде одақтас болды, бірақ Сталин мен Черчилль де солай болған жоқ па?

Адольф Гитлер – неміс саясаткері және демагог, национал-социализмнің негізін қалаушысы және негізгі өкілі, Үшінші рейхтің тоталитарлы диктатурасының негізін қалаушысы, Национал-социалистік неміс жұмысшылар партиясының жетекшісі (1921–1945) және Германияның фюрері (1934–1945).

Алайда екінші дүниежүзілік соғыс саяси философияның классикалық идеяларының бірі – Ашық және жабық қоғамдар мен олардың жаулары деген теорияның дүниеге келуіне алғышарт болды. Бұл теорияның авторы – аустриялық қуғындалушы Карл Поппер болды.

Сэр Карл Раймунд Поппер – аустриялық және британдық философ және социолог.

Поппер Карл Раймунд 1902 жылдың 28 шілдесінде Венада дүниеге келген философ және социолог. Поппер оқытушылық қызметін Жаңа Зеландияда бастап, өмірінің көп бөлігін Лондонның экономика және саяси ғылым мектебінде өткізді. Негізгі еңбектері: «Ғылыми зерттеудің логикасы» (1935), «Ашық қоғам және оның жаулары» (1945), «Болжам және теріске шығару» (1963), «Объективті білім» (1972) т.б. Оның ғылыми жұмыстары негізінен фальсификация/терістеу принциптері, ашық қоғам тұжырымдамасы, сондай-ақ әлеуметтік инженерияның жекелеген мәселелерін қамтиды.

Ол тарихта қандай да болса заңдылықтың барын, бірыңғай адамзат тарихының барын жоққа шығарады. Адамзат тарихын қарастырғанда, оның саяси өкіметтің тарихы екенін есте ұстау керек деді. Ал саяси өкіметтің тарихы – дүниежүзілік тарих болмағандықтан, жалпы тарих және нақты тарих ретінде өмір сүрмейді. Ол дүниедегі бар көптеген тарихтың біреуі ғана болады. Оны таңдау, Поппердің пікірінше, дін немесе поэзия тарихынан айырмашылығы – мына жағдайларға байланысты.

1. Билік біздің бәрімізге, ал поэзия кейбіреуімізге ғана ықпал жасайды.

2. Адамдар билікті құдайындай көреді (әулие тұтады, құдай деп таңдау қорқыныштан туады).

3. Адамдар билік басындағыларды әулие тұтса, бұл оларға ұнайды және олардың бар әрекеттері іске асып отырады. Сонымен қатар, көптеген ғалымдар адамзат тарихын патшалардың, генералдар мен диктаторлардың ыңғайына қарай жазады. К. Поппер әлеуметтік философияда қоғамның дамуын зерттейтін тарихи әдіске қарсы болды. Өзінің әлеуметтік-философиялық тұжырымдамасын «Ашық қоғам және оның жаулары» деген еңбегінде баяндайды (1945). Ол қоғамды екіге бөледі: ашық және жабық қоғам. Ашық қоғам – демократиялық жолмен дамиды; экономикада, саясатта, мәдениетте әлеуметтік дамыған құрылымы бар және құқықтық мемлекет, оның плюралистік сипаты жоғары қоғамды азаматтық дейміз. Ашық қоғам мүшелері сыни-рационалдық ойлауды алға қояды. Осыдан қоғамдағы мінез-құлықты,



әлеуметтік дамуды саналы түрде басқару және мемлекеттік институттарды демократиялық принциптерге сай қалыптастыру мүмкіндігі туады. Жабық қоғам деп – капитализмге дейінгі және социалистік қоғамды атайды. Олардың жұмыс істеу тәсілі тоталитаризм, жеке адамнан ұжымның басымдылығы, догматизм және әлеуметтік демагогия.

Поппер «әлеуметтік технология», әлеуметтік инженерлік (өнер) терминдерін енгізді. Ол тарих барысын жобалау мүмкін емес деп санады. «Ашық қоғам» концепциясын негіздеді және тотальдық жүйенің қауіпті екенін көрсеткенімен идеалистік көзқарастан арыла алмайды.

Поппердің іліміне сәйкес білімнің эмпирикалық және теориялық деңгейлері бір-бірімен тығыз байланыста болады. Кез келген ғылыми білімге болжалдық сипат, қателесушілік тән. Ғылыми білімнің дамуы батыл болжамдар ұсынып, оларды жоққа шығарудан тұрады, сол арқылы ғылыми мәселелер шешіледі. Әлеуметтік философия саласында Поппер марксизм ілімін сынға алып, қоғамдық дамудың объективті заңдылықтарын және әлеуметтік болжам мүмкіндіктерін теріске шығарды. Поппер «Ашық қоғам және оның жаулары» атты еңбегінде Платон, Гегель, Маркс идеяларын сынға алып, оларда нақтылық пен білімді жетілдіруге деген ұмтылыс жоқ деп тапты. Ақиқатқа монополия жасау әрекетіне қарсы шығып, толеранттылық (төзімділік) пен либералды позицияларын ұстанды. Поппер ашық және жабық қоғамдарды қатар қарастырады: алғашқы қоғам тұрпатына батыс демократиясын, ал екіншісіне социалистік мемлекеттерді жатқызады. Соңғыларына тоталитарлық, яғни қоғамның индивидтен жоғары тұруы, жеке жауапсыздық, қасаң қағидашылық тән. Оның пікірінше, бұл «трайбалистік», яғни өзінің құрылымы жағынан алғашқы қауымдық құрылыстағы тайпа тәрізді, өзін басқаларға қарама-қарсы қоятын қоғам. «Ашық қоғам» мүшелеріне рационалдық бағдар, әлеуметтік дамуды мақсатты түрде саналы басқару, мемлекеттік институттарды азаматтардың қажеттілігіне сай біртіндеп қалыптастыру тән. Поппер өзінің ұстанымын «сыншыл рационализм» деп анықтайды. Оның пікірінше, ғалымдар белгілі бір нәрсені үйрену үшін ашық және еркін рационалды пікірталасқа баруы қажет. Мұнда ғалымдар ұсынылған тұжырымды теріске шығару тәсілдерін табуға да, оппоненттің көзқарасын қолдауға да дайын болуы шарт. Поппердің еңбектері кезінде көптеген пікірталастар мен даулар туғызғанымен, қоғамдық ғылымдар дамуының бүкіл кезеңінде зор мәнге ие болды.

«Егер саяси ұйым дамып жетілгісі келсе, – дейді Поппер, – оның саяси, қоғамдық институттары өз істерін өздері түзету үшін барынша мүмкіндікке ие болуы тиіс». Ғылым да үнемі толымсыз, қате гипотезаларды түзетіп отыру арқылы дамыған сияқты, қоғам да тек өз қателіктерін түзеп, саясат бағалауға және тоқтатуға болатын эксперименттер ретінде қарастырылғанда ғана ілгері басып дамиды. Сондықтан екі нәрсе маңызды: біріншісі – билеуші құрылымдар ұсынған саясатты талқыға салып, сынау үшін жеткілікті деңгейде сөз бостандығына ие болуы қажет; екіншісі – ел азаматтарының әл-ауқатының жақсаруына тиімді болса, еш зорлық-зомбылықсыз және қан төгусіз билеуші тұлғаларды алмастыру мүмкіндігі болуы тиіс. Бұл ашық қоғамның орталық қасиеттері, олар көпшіліктің дауыс беруімен сайлануға қарағанда демократияның ең маңызды элементтері болып табылады.

Ашық қоғам – мемлекеттің ішкі саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени жүйелерінің деңгейін білдіретін ұғым; Карл Поппердің «еркін қоғам» концепциясы, мұнда білімнің барлық түрлері және кез келген әлеуметтік саясат ашық сыналады. Ол оны фальсификациялық және сыни рационалистік эпистемологиямен сәйкестене алатын жалғыз қоғам түрі ретінде қарастырады; бір қабаттан екінші қабатқа өту ресми түрде шектелмейтін қоғам.

«Ашық» және «жабық» қоғам деген ұғымдарды Карл Поппер енгізген. Ол мұны әр түрлі қоғамдардың тарихи-мәдени және саяси жүйелеріне сипаттама беру үшін қолданған. «Жабық» қоғам – догматты түрде жеке басқа табынушылықты, сондай-ақ дамудың ерте кезеңдеріне тән сипаттармен, жаңару, жаңғыруларсыз, ілгері қозғалыссыз тұрып қалу мәнін білдірсе, «ашық» қоғам – бұған қарама-қарсы ұғымда айтылады. Ол сыртқы жағдайларға тез икемделіп, жылдам ыңғайланатын, өзара сынға ерік бере білетін демократияшыл қоғам. Поппер өркениет тарихында қоғамдық даму қашанда «жабық» жүйеден «ашық» жүйеге өту арқылы жүзеге асып отырғанын көрсетеді. «Жабық» жүйелерге өзінің әлеуметтік және саяси құрылымдары жөнінен әрқилы елдердегі (Спарта, Пруссия, патшалық Ресей, нацистік Германия) әміршіл-әкімшіл қоғамдар, «Ашық» қоғам үлгісі ретінде көне дәуірдегі халық кеңесі басқарған Афина мен жаңа замандағы мемлекеттер мысал бола алады. Демократиялық мемлекеттердің түрлері



көп болғанымен олардың өзіне тән ортақ белгілері бар. Халық билігі, теңдік, әділеттілік, еркіндік принциптеріне негізделген мемлекеттік жүйеде ғана өркен жаяды.

Дегенмен Поппер мемлекеттік араласудың барлық формаларын тежеп тастаған жоқ. Шексіз толеранттылық толерантсыздыққа алып келуі мүмкін, ал капиталды шектемеу кедейліктің тым астыртын деңгейлеріне жетелейді. Сондықтан толеранттылыққа қарсы шығу қылмыстық іс ретінде қарастырылуы тиіс, ал мемлекет экономикалық тұрғыда әлсіздерді, экономикалық жағынан мықтылардан қорғап отыруы тиіс. Біз аса шиеленісті емес капитализмнің орнын экономикалық интервенционизмнің басуын талап етуіміз қажет деп санайды Поппер.

Шектелмеген экономикалық бостандық, кез келген жағдайда қарама қайшылық болып табылады: еңбек нарығының шектеусіз бостандығы жұмысшылардың бірігуге деген шектеусіз еркіндігімен үйлесуі мүмкін емес.

Кітабының екі томында Поппер ашық қоғамның жауы санаған екі философқа: Платон мен Марксқа ашық шабуыл жасайды. Оның Платонның кейбір саяси институттарын егжей-тегжейлі сынауы айтарлықтай нәтижелі және ықпалды болды.

Джон Роулздың әділеттілік теориясы

Батыс мемлекеттерінің басым бөлігі ұмтылып жатқан либералды демократия типіндегі жүйелі теориялық құрылымды түсіндірудің ең орнықты, дәйекті талпынысын «Әділеттілік теориясы» кітабында Джон Роулз іске асырмақ болды.

Джон Роулз – америкалық саяси және мораль философы, әлеуметтік либерализмнің теоретигі.

Джон Роулз 1921 жылы 21 ақпанда Балтиморда дүниеге келген америкалық саяси және моральдық философ, әлеуметтік либерализм теоретигі, ішкі және халықаралық құқықтың либералды-мемлекеттік концепциясының негізін қалаушы. 1943 жылы Принстон университетін тәмамдаған соң, ол әскерге кетіп, Жаңа Гвинеяда, Жапонияда және Филлипин аралдарында жаяу әскер құрамында қызмет атқарды. АҚШ-қа оралған соң ол Принстонда диссертациясын қорғап, өмір бойы АҚШ-тың ең ірі университеттерінде, соның ішінде Корнелл, Гарвард университеттерінде, Массачусетс технологиялық институтында және Ұлыбританиядағы Оксфордта дәріс оқыды.

Оның басты еңбегі – «Әділеттілік теориясы» – саяси философиядағы ең елеулі туындылардың бірі. Бұл кітаптың көмегімен Джон Роулз саяси философияға деген қызығушылықты арттырып, ең жиі сілтеме жасалатын заманауи философтардың біріне айналды.

Роулздың айтуынша, утилитаризм либералды мемлекетке негіз болу үшін жеткіліксіз болды, себебі бұл концепция әл-ауқатты әділеттіліктен жоғары қойды. «Әрбір адам, – дейді Роулз, – әділеттілікке негізделген қол сұқпаушылық құқығына ие, бұл құқықты тіпті жалпы қоғамның әл-ауқаты да бұза алмайды. Сондықтан әділетті қоғамда әділеттілік қамтамасыз еткен құқықтар саяси саудаға салуға немесе әлеуметтік қызығушылықтардың ескерілмеуіне жатпайды. Утилитарлықтың орнына Роулз міндетті бостандықтарды анықтаудың негізі ретінде қоғамдық келісімнің мүлде жаңаша түрін – ойша эксперимент сияқты ойша келісімінде ұсынды.

Бізде әлі әлеуметтік институттар жоқ, бәріміздің құқымыз әлі тең деп елесетіп көрейік. Біздің осындай бастапқы позициямызда біз енді ғана жасақталатын қоғамдағы өз орнымызды анықтайтын фактілерді білмейміз. Біз өз нәсілімізді, жынысты, дінді, тапты, дарынды және қабілеттіліктерді білмейміз, біз, тіпті, өзіміздің жақсы өмір туралы ойымызды да білмейміз. Осындай «білместіктің бүркеуінде» отырып, біз қандай болса да, өз мақсаттарымыз бен мүдделерімізді алға тартудың рационалды қалауларына арқа сүйеп, Конституцияны құруымыз қажет. Бізді бір-бірімізден ерекшелейтін факторлардың кесірінен, біз осындай қиялдағы жағдайымызда әрбір адам тағдырын ескере отырып, алға басуға тиіспіз

Осы конституциялық үдерістің қатысушылары, Роулздың пікірінше, әділеттіліктің екі қағидасын ұстанғанды жөн көрер еді. Біріншісі – әрбір адам басқалардың бостандықтарымен үйлесетін барынша мүмкін болатын негізгі бостандыққа деген құқыққа ие болуы тиіс. Екіншісі – әлеуметтік және экономикалық теңсіздік әділетті бәсекелестік жағдайында барлығына



қолжетімді лауазымдар мен қызметтерге тағайындалуы тиіс. Бұл теңсіздікті ақтауға болатын бір ғана нәрсе – ол жағдайы төмендердің мүдделерін көздейтіндей етіп ұйымдастырылуы. Егер осы екі принцип өзара қайшылыққа түсіп жатса, тең еркіндік принципі тең мүмкіндіктер принципінен басым болып кетеді.

Бостандық басымдығының алғашқы ережесі – әділеттілік принциптері лексикалық реттілікпен орналасуы тиіс, әрі нәтижесінде негізгі бостандықтар тек бостандықтың өзін ғана көздеу мақсатымен шектелуі мүмкін. Мұнда екі жағдай бар: а) біршама тар мағынадағы бостандықтар барлығына үлестірілген бостандық жүйесін нығайтуы тиіс және б) тең деп атағаннан аз бостандық осы аз бостандыққа ие азаматтар үшін қолайлы болуы тиіс. Басымдықтың екінші ережесі – әділеттіліктің тиімділік пен әл-ауқаттан басым болуы.

Екі жағдай бар:

а) мүмкіндіктердің теңсіздігі мүмкіндіктері азырақ адамдардың мүмкіндіктерін арттыруы тиіс;

б) жинақтардың тым артық жарнасы ақыр соңында өзі тиесілілерге салмақ салуды азайтуы тиіс.

Әлбетте, бұл принциптер мен басымдықтар ережелері толықтыруды талап етеді. Басқа да модификацияларды да енгізу қажеттілігі сөзсіз, бірақ мен бұл принциптердің бекітілуін қиындата түспеймін, – деп мойындайды Роулз.

Қайырымдылықтың нақтыланған формасының бірі әділеттілік болып табылады. Ол ізгіліктер арасында негізгі орынды алады, өйткені адамдар арасында ізгіліктер мен зұлымдықтар бөлінісін сипаттайды және бағалайды. Әділеттілік адам өмір сүруінің тәсілдері мен шарттарының бағасы ретінде адамдар өмірі мәнімен тығыз байланысты. «Әділеттілік, – деп жазады Д. Роулз, – ғылым жүйесінде ең басты ізгілік ретінде ақиқат саналатынын сияқты, қоғамдық институттардың ең басты ізгілігі болып табылады». Қоғам өз мүшелеріне игілік беріп қана қоймай, ол әділеттілік қағидасымен тиімді реттелгенде ғана жақсы ұйымдасады. Қалған теорияның ертелі-кеш теріске шығатыны сияқты, әділетсіз қоғамдық қатынастар да жойылуы немесе түзетілуі тиіс. Әділеттіліктің кепілдікке берген құқықтары саяси сауда объектісі бола алмайды. Әділеттілік ұғымы, сонымен қатар, салыстырмалы, нақты тарихи болып табылады.

Джон Роулз үшін әділеттіліктің негізгі мазмұны – бұл жоғарғы әлеуметтік институттар негізгі құқықтар мен міндеттерді бөліп, әлеуметтік кооперацияның тиімділіктерін анықтау тәсілі. Жоғарғы институттар деп ол қоғамдағы негізгі экономикалық және әлеуметтік келісімдерді түсінеді.

Роулз теориясының негізінде әркімнің әл-ауқаты әлеуметтік кооперация сызбасынан тәуелді болатыны деген тұжырымдама жатыр. Әлеуметтік кооперация пайдасын бөлу шынайы болуы керек.

Роулзға сәйкес, қоғам мүшелері әділеттіліктің екі ережесін ұстануы керек. Біріншісі – әр адам өзге адамдардың құқықтарына залал келтірмейтін жеке еркіндікке тең құқықтарға ие болуы керек. Екіншісі – әлеуметтік және экономикалық тиімділіктер мемлекетпен бөлінуі тиіс, және олар мынадай болуы міндетті:

- әркімге тиімді;
- әркімге бекітілуі керек.

Барлық әлеуметтік тиімділіктер – еркіндік пен мүмкіндіктер, табыс пен байлықты мемлекет тең бөлуі тиіс.

Әділеттіліктің осы теориясы бойынша адамның ар-ұят сезімі – бұл өзін-өзі бағалауы мен оны жүзеге асыруға қатысты сенімділік.

Роберт Коцикте әділеттілік орталықтан бөлуді талап етпейді. Бірде бір адам, бір де бір адамдардың топтары барлық ресурстарды бақыламайды. Әркімде өзгелерден алуына қатысты құқықтары болады.

Коциктің әділеттілік теориясы мемлекетке «кең» қызметтер ұсынады: ішкі тәртіп пен тыныштықты сақтау; азаматтарды күштеуден қорғау; сауданы реттеу, валютаны тұрақтандыру, әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Мемлекет қызметтерін өзгеше пайымдау жеке



Кітап: Батыс философиясының жаңа тарихы, 4-том. Қазіргі заман философиясы
Дәріс: 24. Қоғам философиясы

құқықтардың бұзылуы ретінде қарастырылады да әділетсіз болып табылады. Мемлекет біреулерді екіншілеріне көмектесуге мәжбүрлеу үшін өзінің мәжбүрлеу аппаратын қолдана алмайды.